

«Бекітемін»

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің  
№20 «Нұр-Ақ» мектеп-бақша-бөбекжайы КМҚК  
директоры Ж.Е Смагулова  
«2» 2024 жыл



**Тәрбиелеу – білім беру процесінің перспективалық жоспар**

**«Бәйшешек» орта тобы (3 жас)**

Тәрбиеші: Қалинұр Күлайхан  
Серік Таңжарық.

**Өскемен 2024 -2025**

## Қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту;</p> <p><b>«Ұлттықойын-ұлтқазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру.</b></p> <p>қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;</p> <p>күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</p> <p>мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b></p> <p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p> <p>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p><b>«Әжемнің ертегілері»</b> - Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p><b>«Әмиян»</b> - «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p> <p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>
	<b>Сурет салу</b>	<p><b>«Өнерліміз, өркенбіз»</b> - сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды</p>

	<p>құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p> <p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>«Шебер қолдар, сыр шертеді» - Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>«Шебер қолдар, сыр шертеді» - Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>«Smart bala» жобасы - Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жана ғимараттар салу.</p> <p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тактайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Күй күмбірі</b> - Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта</p>

		орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» - «Мен» бейнесін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.</p>

Қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы	Дене шынықтыру	<p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Өрмелеу., еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту;</p> <p><b>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» - ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру</b> қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;</p> <p><b>Қауіпсіздік ережесі - күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</b></p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы - Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</b></p>
	Көркем әдебиет	<p><b>«Жас тыңдарман» - Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</b></p>
	Математика негіздері	<p><b>Қаржылық сауаттылық - Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</b></p>
	Сурет салу	<p><b>«Бояулар сыры» - Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.</b></p>
	Мүсіндеу	<p><b>«Өнерліміз, өркенбіз» - сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</b></p>

<b>Жапсыру</b>	«Шебер қолдар» - Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
<b>Құрастыру</b>	<p><b>«Қамқор» жобасы</b>          Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p> <p><b>Еңбегі адал жасөрен</b> - Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Күй күмбірі</b> - қазақтың күй өнерін түсіндіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</b> - Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>

Қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ұлттық ойындарға қызығушылығын ояту Бірінің артынан бірі сапка тұру, бір-бірінің жанына сапка тұру дағдыларын дамыту. Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; жалпы даму жаттығуларын дұрыс орындай білу; «Еңбегі адал жас өрен» - Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі -15 мин» - Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
	Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы» - жобасы- таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
	Математика негіздері	«Әмиян» - Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты таба білу, тең және тең емес заттар тобын және екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстыру; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыра отырып, ұстау және қору тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды атау.
	Сурет салу	«Бояулар сыры» - Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету. Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру
	Мүсіндеу	«Шебер қолдар, сыр шертеді» - Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
	Құрастыру	«Қамқорлық» жобасы - Балалар құстарға қамқорлық, жануарлар әлеміне қамқорлық мақсатында қалдық материалдан

	<p>әр түрлі бұйым жасауды үйренеді. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану шеберліктерін дамиды.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Күй күмбірі – қазақтың күй өнерін дәріптеу.</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Қауіпсіздік ережесі</b>  Балабақшала, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.  Тірі және өл табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>

Желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы	<b>Дене шынықтыру</b>	«Еңбегі адал жас өрен» - сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүре отырып, 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу. Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу дағдыларын бекіту. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. «Ұлттықойын - ұлтқазынасы» - ұлттық қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	«Үшқыр ой алаңы» жобасы – Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсіну арқылы, жылдың әр мезгіліндегі құстар мен жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін жүйелеу. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіну арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады.
	<b>Көркем әдебиет</b>	«Балалар кітапханасы» жобасы - Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйренеді. Тапқырлыққа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуді дағдыларын жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.
	<b>Математика негіздері</b>	«Банкомат» - Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұрастыру, биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. Тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдерін қалыптастыру. Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту;
	<b>Сурет салу</b>	<b>Бояулар сыры</b> - Суретте әртүрлі материалдарды біріктіру арқылы сурет салуды үйреніңіз: түрлі-түсті балауыз қарындаштар, бояу (гуашь) арқылы бейнелеуді қабылдау, бейнелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларға даладағы, ормандағы, ауылдағы қыс мезгілінің суретін сурет арқылы жеткізуге үйрету. Түрлі үйлер мен ағаштардың суретін салу дағдыларын бекіту.
	<b>Мүсіндеу</b>	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Пластиннің кішкене бөліктерін тұтас бөліктен шымшу мүмкіндігін бекіту үшін оны алақандар арасында айналмалы қозғалыспен айналдыру. Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, балалардың әртүрлі көлемдегі заттарды мүсіндеу, тегістеу қабілеттерін арттыру. Түсті ажыратуға және атауға үйрету, заттардың пішіні туралы білімдерін бекіту, контур бойымен заттарды бір немесе екінші қолмен кезектесіп айналдыру арқылы балалардың түстер тәжірибесін байыту.

<b>Жапсыру</b>	«Оперліміз, оркепбіз» - Балаларда: шығармашылықты дамыту; саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру өз әрекеттерін бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту. Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. оларды парақтың бетіне жапсыру; әртүрлі реңктегі қағазды қолдануға ынталандыру.
<b>Құрастыру</b>	«Smart bala» жобасы - Балалардың қарапайым құрылыстарды орындау және тұрғызу қабілеттерін арттыру. Бөлшектердің аттары туралы білімдерін бекіту; Лего конструкторына қызығушылықты оятуды жалғастыру, балаларды схема бойынша және үлгі бойынша салуды үйретуді жалғастыру;
<b>Музыка</b>	<b>Күй күмбірі</b> - Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Экологиялық мәдениет</b> - Балаларда табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы, табиғат құбылыстары мен өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінің байланысы туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Балаларды қыс туралы көркем шығармалармен таныстыру, кітаптардағы иллюстрацияларға қызығушылықты ояту. Жанды және жансыз табиғат арасында байланыс орнатуға үйрету (ауарайы - судың, қардың жағдайы; мезгіл – өсімдіктердің күйі, талдау, жасау

Қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар – заң және тәртіп айы	Дене шынықтыру	<p>«Ұлттықойын – ұлт қазынасы» балаларға ұлттық ойындардың маңызын түсіндіру.</p> <p>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шапырап жүгіру; Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және кимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау</p> <p>Үнемді тұтыну - Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>«Өнегелі 15 минут» - Сурет бойынша әңгімелседі. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйренеді, Балалар таныс ертегілерді тыңдап, өздері рөлдерге бөліп ойнайды, ондағы кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйрену.</p>
	Көркем әдебиет	<p>«Тілгебойлау» - Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйренеді. Тапқытты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуді дағдыларын жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p>
	Математика негіздері	<p>Қаржылық сауаттылық - заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», теңбе-тең», «үлкен», «кіші» терминдерін пайдалануға үйренеді</p> <p>Түрлі заттар тобын қатар қою, үстіне қою арқылы көлемі, саны бойынша салыстырады.</p>
	Сурет салу	<p>«Өнерліміз, өркенбіз» - Түстердің үйлесімдігіне назар аударуға үйренеді. Таяқшаларды пайдаланып сурет салуға үйрету.</p>
	Мүсіндеу	<p>«Өнерліміз, өркенбіз» - Пластиннің кішкене бөліктерін тұтас бөліктен шымшу мүмкіндігін бекіту үшін оны алақандар арасында айналмалы қозғалыспен айналдыру.</p>
	Жапсыру	<p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» - Саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру өз әрекеттерін бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту.</p>
	Құрастыру	<p>«Қамқор» жобасы - Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре біледі және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдылары қалыптасады.</p>
	Музыка	<p>Күй күмбірі – күй өнеріне баулу. Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты,</p>

		ашықаркын, көңілсіз, мұңды).
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Экологиялық мәдениет - Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіну арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</b>

Ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы	Дене шынықтыру	<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» - ұйым барысында ұлттық ойын ойнату.</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Үнемді тұтыну -Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру:</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>«Ұшқыр ой алаңы» - Сөйлеу қарқынын меңгерту. Ертегілер, тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Балалар иллюстрацияларды қарап, өз бетінше әңгіме құрастыру. Табиғат құбылыстарын, тұрмыстық заттар, мамандықтарды білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен сөздік қорларын толықтыру.</p>
	Көркем әдебиет	<p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Әдеби шығармаларды мұқият тындау, автор сөздерін айту. Кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, сонынойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда мүмкіндік беру.</p>
	Математика негіздері	<p>Қаржылық сауаттылық - "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету. Шама. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қоя тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері кенейту.</p>
	Сурет салу	<p>«Бояулар сыры» - Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің, табиғат туралы суреттердің, заттардың пішіндеріне, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау дағдыларын дамыту.</p> <p>Дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салу тәсілдерін бекіту.</p>
	Мүсіндеу	<p>«Өнерліміз өркенбіз» - Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
	Жапсыру	<p>«Шебер қолдар, сыр шертеді»</p>

	<p>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>«Еңбегі адал жасөрен» жобасы - Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>«Еңбегі адал жасөрен» жобасы - Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Күй күмбірі-</b> Музыка тыңдау, әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p><b>Қауіпсіздік ережелері</b> - Табиғатта қауіпсіз мінсіз-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p>

## Наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - ұлттық ойындар ойнату арқылы балаға ұлттық ойындарды дәріптеу. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Тапсырманы орындай отырып, жүру және жүгіру. Басына қап қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып, жіптің бойымен жүгіріп, алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуды, 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру дағдыларын бекіту.
	Сөйлеуді дамыту	Ұлттық құндылық – ұлттық мерекеге байланысты сөздерді түсіну дағдыларын, жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерінаыта алу, суреттер туралы шағын мәтіндерқұрастыруды дағдыландыру. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құраудыдағдыландыру. Сөйлеммен затты сипаттай білудыдағдыларын дамыту.
	Көркем әдебиет	«Жас тыңдарман» жобасы - Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білуды дағдыларын және сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу. Сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауысырғағын келтіріп айтуды дамыту.
	Математика негіздері	«Әмиян» - шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері кеңейту. Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру.
	Сурет салу	«Өнерліміз, өркенбіз» - Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
	Мүсіндеу	Ұлттық – құндылық - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек,

	сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы заттық мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Жапсыру</b>	«Өнерліміз өркенбіз» - Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
<b>Құрастыру</b>	<b>Ұлттық құндылық</b> - Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.
<b>Музыка</b>	<b>Күй күмбірі</b> - Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, домбырамен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Экологиялық мәдениет</b> - Көктемгі табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің, жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ажырата алу дағдыларын дамыту. Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету.

Сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	Дене шынықтыру	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүре отырып, 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу. Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу дағдыларын бекіту. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді айта білу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: өлі және тірі табиғат туралы әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>«Тілге бойлау» - Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға баулу. Көктем мезгілін дегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы, нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсіндіру. Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы түсіне отырып, топқа бөліп жұмыс жасау.</p>
	Математика негіздері	<p><b>Қаржылық сауаттылық</b> - "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру. Кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды анықтау. Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, биік-аласа ажырата білу.</p>
	Сурет салу	<p><b>Бояулар сыры</b> - Қылқаламмен сурет салуға және дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып, сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін, тақырыптық суреттерді өз қалаулары бойынша салуға үйрету.</p>

<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы- Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы мүсіндеу. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>«Шеберколдар, сыр шертеді» - Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін оған қызығушылыққа баулу. Затты бүктеп кию тәсілдерін үйрене отырып, қағаз бетіне ұқыпты жапсыра білу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеріп тақырыптық заттарды жапсыра білу.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>«Қамқор» жобасы - Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршық тап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p>Күй күмбірі – Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды естесек тауға және білуге; шығарманы сонына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Балалар көктемдегі еңбек туралы, дән тұқымымен таныса отырып, , бидайдан нан жасалатынын түсіндіру. Балалар аспан әлеміндегі қызықты оқиғалармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелері - Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді кеңейту.</p>

## Мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - ұлттық ойындар ойнату арқылы балаға ұлттық ойындарды дәріптеу.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін, бірлескен қимылды ойындарға қатысу, қимылды ойындарды қызығып ойнау, күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі. Біркалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу дағдыларын бекіту.</p> <p>«Еңбегі адал жас өрен»</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын, салауатты өмір салты туралы түсініктерін, үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Өнегелі -15 мин</b> - Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p><b>Әжемнің ертегісі</b> - Еркін ойындарда ертегідегі таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Сұраққа толық жауап бералудағы дағдыларын және артикуляциялық ақпаратты дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Қаржылық сауаттылық</b> - Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, "Тең бе?", "Қайсысы артық (кем)?" сауалдарына жауап беру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Уақытты бағдарлау, математикалық ұғымдар туралы білімдерін бекіту.</p>
	<b>Сурет салу</b>	<p><b>Бояулар сыры</b> – Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыруды, пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын бекіту.</p> <p>Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық таныту.</p>
	<b>Мүсіндеу</b>	<p>«<b>Өнерліміз, өркенбіз</b>» - Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біле отырып, мүсіндейтін затты зерттеу, мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалана білу. Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгеруеде бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу. Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей отырып, жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруді бекіту.</p>

	Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Жапсыру</b>	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киноға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
<b>Құрастыру</b>	«Smart bala» жобасы – Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</b> Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.
<b>Музыка</b>	<b>Күй күмбірі</b> - Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Экологиялық мәдениет қалыптастыру</b> - Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасы дұрыс қалыптастыру. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға баулу.